

## Қазақстан Республикасының карантин қызметі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 31 мамыр 1994 ж. N 579. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Республика аумағына аса қауіпті (карантиндік) жұқпалы ауруларды әкелу және олардың таралуына санитарлық қорғауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қоса берілген Қазақстан Республикасының карантин қызметі туралы Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде штат саны 11 кісіден тұратын Карантиндік жұқпалы аурулар бас басқармасы құрылсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Карантиндік жұқпалы аурулар бас басқармасын ұстауға Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің орталық аппарат санын 11 адамға көбейту есебінен қаржыландыруды көздесін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі екі ай мерзімде Қазақстан Республикасы аумағына аса қауіпті жұқпалы ауруларды әкелу және олардың таралуынан қорғаудың санитарлық тәртіптерін және санитарлық-бақылау пункттері туралы ереже әзірлеп бекітсін.

"Фармация" Мемлекеттік холдинг компаниясымен бірлесе отырып аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу мен жоюды қамтамасыз етуге арналған дәрі-дәрмек пен профилактикалық жабдықтар номенклатурасын анықтап келімізін қорыққандық құрсын.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, министрліктер мен ведомстволар эпидемияларға қарсы шараларға қаражат бөлуді және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында, осы Ережеде және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ұсыныстарымен белгіленген тәртіп бойынша аса қауіпті (карантиндік) жұқпалы аурулар ошағын жою және таралуына жол бермеудің кешендік шараларын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 31 мамырдағы

№ 579 қаулысымен

Бекітілген

## **Қазақстан Республикасының карантин қызметі туралы**

### **Ереже**

1. Қазақстан Республикасының карантин қызметі сырттан әкелетін аса қауіпті (карантиндік) жұқпалы аурулардың алдын алуға, олардың таралуына жол бермеуге бағытталған жалпымемлекеттік шаралар жүйесін қамтиды.

Бұл шараларға мыналар енеді:  
сыртқы ортаға эпидемиологиялық қадағалау және лабораториялық бақылау  
ж а с а у ;

аумақты санитарлық қорғау, шекаралық бақылау шараларын қоса;  
адамдар мен жүктер қозғалысына шектеу қою (карантин енгізу);  
елді мекендер мен қалалардағы қосымша санитарлық-гигиеналық іс-шаралар;

халықты сапалы ауыз сумен, азық-түлікпен қамтамасыз ету,  
санитарлық-дезинфекциялық іс-шаралар;

емдеу-профилактикалық шаралары;  
медициналық-санитарлық ағарту.

2. Қазақстан Республикасы аумағын эпидемиядан санитарлық қорғау және емдеу шараларын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне тапсырылады.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі: облыстық денсаулық сақтау басқармаларының, (департаменттерінің, бөлімдерінің), санитарлық-эпидемиологиялық стансалардың, Қазақтың оба ауруына қарсы ғылыми-зерттеу институты мен оба ауруына қарсы стансаларының, сондай-ақ іс жүзіндегі халықаралық медициналық-санитарлық ережелер талаптарын ескере отырып қауіпті жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу және жол бермеу жөніндегі ведомстволық медициналық қызмет жұмыстарын ұйымдастырады және үйлестіреді;

республика аумағын санитарлық-эпидемиологиялық қорғау бойынша  
мақсатты ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтамасыз етеді;

республика аумағын санитарлық-эпидемиологиялық қорғауды ұйымдастыру  
мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен,  
Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Ішкі істер министрлігімен, Көлік  
министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қаржы министрлігі  
жанындағы Бас кеден басқармасымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының  
басқа да министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен және

ведомстволарымен өзара қатынаста болады;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне эпидемиологиялық жағдай асқынған кезеңдерде шекаралас мемлекеттермен өзара қатынас мәселелері бойынша келісім жасасу туралы ұсыныс дайындап енгізуді қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының Үкіметін және аумақтық денсаулық сақтау органдарын шет елдердегі аса қауіпті жұқпалы аурулар жағдайы жөнінде х а б а р д а р е т е д і ;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне және Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссияға мемлекеттік шекарадан өткізуге санитарлық-карантиндік режим орнату және оны алу, мемлекеттік шекарадан және Қазақстан Республикасы ішінде карантин белгіленген аумақта адамдар қозғалысына, жануарлар, өсімдіктер алып өтуге шектеу қою және алу мәселелері ж ө н і н д е ұ с ы н ы с е н г і з е д і ;

Белгіленген тәртіпке сай тиісті халықаралық денсаулық сақтау ұйымдарымен ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

4. Елді мекеннің, ауданның, облыстың аумағында аса қауіпті жұқпалы ауру білінген жағдайда денсаулық сақтау органдарының ұсынысы бойынша, жергілікті атқару органдары жекелеген аумақтардағы тұрғындардың шаруашылық қызметі мен тұрмысына байланысты ерекше жағдайдағы карантин енгізеді, ауру ошағын оқшаулау мен жою жөнінде кешенді іс-шаралар жүргізеді, оның сипаты мен көлемі, карантин белгіленген аумақтар халқын сапалы ауыз сумен, азық-түлікпен және бірінші кезектегі тауарлармен қамтамасыз ету Денсаулық сақтау министрлігінің нұсқауымен белгіленеді.

5. Аса қауіпті жұқпалы (карантиндік) аурулардың дерт ошағынан таралу қаупінің алдын алуға бағытталған жергілікті атқару органдарының, министрліктер мен ведомстволардың, мекеме мен ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың қызметіне жедел басшылық жасап, үйлестіріп отыру Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссия мен оған қарасты облыстық , аудандық, қалалық эпидемияға қарсы төтенше комиссияларға тапсырылады.

Эпидемияға қарсы төтенше комиссиялар - мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының, қоғамдық ұйымдардың жұқпалы аурулардың жаппай жайылып кетуіне жол бермеу және оны жоюға бағытталған алдын алу шараларына байланысты қызметті үйлестіреді.

6. Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссия аса қауіпті жұқпалы аурулардың республикада таралып кетпеуінің алдын алу мен оның қауіпті ошағын жоюға бағытталған жергілікті әкімдер, министрліктер мен ведомстволар, мемлекеттік комитеттер, меншік нысанына қарамай акционерлік және холдинг компаниялар, концерндер, ассоциациялар, басқа да өндірістік құрылымдар міндетті түрде орындалуына тиіс жедел шешімдер қабылдайды.

Эпидемияға қарсы қолданылатын шараларға байланысты шек қоюды енгізу және тоқтату Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі органдарының ұсынысы бойынша, Республикалық (облыстық, қалалық, аудандық) эпидемияға қарсы төтенше комиссияның шешімімен жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Карантиндік жұқпалы аурулар бас басқармасы министрліктердің, ведомстволардың, меншік нысанына қарамай мекемелер мен ұйымдардың сондай-ақ лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік аурулар әкелу мен таратудан қорғау, олардың ошағын жою жөніндегі эпидемияға қарсы іс-шараларына бақылау жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Карантиндік жұқпалы аурулар бас басқармасының мынадай құқықтары бар:

өз құзырының шегінде Қазақстан Республикасының аумағын санитарлық қорғау жөнінде Денсаулық сақтау министрлігінің актілерін әзірлеп шығаруға және олардың орындалуын қадағалауға;

министрліктерге, ведомстволарға, кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға, сонымен қатар лауазымды адамдар мен жекелеген азаматтарға эпидемияға қарсы санитарлық іс-шаралар жүргізу туралы талаптар қоюға;

жұқпалы аурулармен ауырғандармен қатынаста болғандарды, сондай-ақ карантиндік аурулар қоздырғыштарын жұқтырған адамдарды карантинге алуға;

мемлекеттік шекарадан сонымен қатар Қазақстан Республикасының ішінде карантин белгіленген аумақта адамдар қозғалысына, жануарлар мен өсімдіктер алып өтуге шектеу қою туралы ұсыныс енгізуге;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі атынан адамдардың аса қауіпті қоздырғыштарын (сараптамалық бақылау комиссиясының басшылығына жататындардан басқасына) әкелу (әкету) және олармен Қазақстан Республикасының мамандандырылған мекемелерінде жұмыс жасау құқығына рұқсат (лицензия) беруге;

қауіпті жұқпалы аурулар ошақтарына аурудың таралуына жол бермеу және оның зардаптарын жою үшін мамандандырылған медициналық құрылымдар мен оперативтік топтар жіберуге;

қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында халықты медициналық-санитарлық ағарту үшін бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін пайдалануға;

Карантиндік жұқпалы аурулар бас басқармасы өз құзыры шеңберінде мыналар бойынша ақпарат жинап талдау жасауды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде аса қауіпті аурулар туралы; халықаралық ұйымдар хабарлаған аса қауіпті (карантиндік) ауру

қоздырғышын жұқтырған елдер мен аумақтар туралы;  
мемлекеттік шекара арқылы жүк тасымалы мен адамдар қозғалысына шектеу қоюдың санитарлық тәртіптерінің өзгерісі туралы;  
шет елдерде және Қазақстан Республикасында қауіпті жұқпалы (карантиндік) ауруларды әкелуден әрі таратудан туындаған төтенше жағдайларға шара қолдану барысы мен олардың зардаптарын жою туралы;

Карантиндік аурулар бас басқармасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің басқармалары мен оның бөлімшелерімен және басқа ведомстволардың денсаулық сақтау органдарымен бірлесе отырып, қауіпті жұқпалы ауру шыққан ошақтарда;

ауырғандарды және олармен қатынаста болған адамдарды тез арада анықтауды қамтамасыз етеді;

ауруларды ауруханаға жатқызып және емдеу шараларын іске асырады; ерекше және ерекше емес шұғыл профилактика жасауды, клиникалық, лабораториялық және патологиялық-анатомиялық болжам жасауды;

аурулармен қатынаста болғандарды оқшаулауды; адамдарға медициналық бақылау жасау мен обсерваторияда зерттеуді; дезинфекция, дезинсекция және дератизациялауды; санитарлық ағарту жұмыстарын ұйымдастырады;

тұрғындардың басқа жаққа кетпеуін және келмеуін, ауру ошағы шыққан жерден жүк тасуды шектейтін, өзге де карантиндік шараларды орындау жөнінде ұсыныс енгізеді;

Ішкі істер органдарымен, кеден қызметімен бірлесе отырып, карантиндік аймақтан өтетін барлық жол қатынасы бойынша уақытша (карантиндік) санитарлық-бақылаудан өткізетін пункттер ұйымдастырады. Көрсетілген пункттердің жұмыс тәртібін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі белгілейді;

жүктерді, тауарларды санитарлық өңдеуден өткізу қажеттілігін және осы өңдеудің көлемін анықтайды;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Сауда министрлігімен және басқа министрліктермен, ведомстволармен бірлесе отырып, карантиндік аймақта азық-түлік, шикізат, тауарлар өндіруде, сатуда және оларды сол аймақтан тыс жерлерге тасымалдауда жұқпалы аурудың таралуына жол бермейтін міндетті талаптар әзірлейді;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігімен, тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық, сумен қамтамасыз ету және канализация жөніндегі мемлекеттік басқару органдарымен және басқа министрліктермен, ведомстволармен бірлесе отырып халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және ағын суларды залалсыздандыру жөнінде міндетті ұсыныстар әзірлейді.

8. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі және оның бөлімшелері жергілікті атқару органдарымен бірлесе отырып:

аса қауіпті жұқпалы аурумен ауырғандармен және оны таратушыларды анықтаған жағдайда Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасынан өтетін аэропорттарда, теңіз (өзен) порттарында, теміржол және автобус стансаларында, тексеру пункттерінде өз қаражаты есебінен карантиндік бақылауды ұйымдастыру және іске асыру үшін қажет орын, медициналық тексеру жасайтын жабдықтар орналасатын бөлме және ауруларды уақытша бөлектейтін орын, көлік иелері мен жолаушыларды жайғастыратын, жүк пен тасымалды сақтайтын қоймалар бөледі;

қоршаған ортаны (порт аймағын, аэропорт маңын, теміржол және автобус стансаларын), ағын суларды, шаруашылыққа, тұрмысқа қажетті суларды, қалдықтар мен қоқыстарды ауру таратудан алдын алуды қамтамасыз етеді;

эуе кемесі экипажы кеме капитандарын барлық көлік қатынасының диспетчерлік қызметіне жолаушының, жол қатынасы қызметкерлерінің ауырғаны жайында жергілікті үкімет орындары мен медициналық қызметке шұғыл х а б а р л а у д ы м і н д е т т е й д і ;

халықаралық тасымалдауда қызмет жасайтын эуе кемесі экипажының командирлеріне халықаралық тасымалдауға қызмет жасамайтын аэропортқа еріксіз қонуға мәжбүр болған жағдайда экипаж мүшелерін және жолаушыларды алдын ала санитарлық-эпидемиологиялық бақылаусыз жергілікті тұрғын халықпен қатынас жасатпауын міндеттейді;

Карантиндік жұқпалы ауруларды анықтайтын аудандарға медицина қызметкерлерін және қажетті медициналық жүктерді Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 16 сәуірдегі N 315 қаулысымен бекітілген " Төтенше жағдайларда сақтандырудың және іс-әрекет жасаудың Республикалық жүйесін көлік құралдарымен қамтамасыз ету және оның күштері мен құрал-жабдықтарын тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі туралы" Ережеге ( Қазақстан Республикасы ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 13, 159-бап) сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

9. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Эпидемияға қарсы республикалық төтенше комиссияның шешімі бойынша карантиндік іс-шаралар ұ й ы м д а с т ы р ғ а н к е з д е :

адамдар мен көлік құралдарының бақылаудан тыс қозғалысын толық тоқтатуды қамтамасыз ететін карантин аймағының шекарасын белгілейді;

карантиндік аймақ ішіндегі санитарлық-медициналық объектілерді және су көздері мен су қоймаларын күзетеді;

ауруларды анықтауға және оқшаулауға көмек көрсетеді.

10. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қажет болған

жағдайда белгіленген тәртіпке сәйкес карантиндік іс-шараларды қамтамасыз етуге қ а т ы с а д ы .

11. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шет елдік мемлекеттерде эпидемиологиялық жағдай ауырлаған кезде, дипломатиялық арналар бойынша Қазақстан Республикасына шетел азаматтарын жұқпалы ауруы (тырысқак, іш сүзегі, оба) жоқ деген белгі соғылған медициналық сертификаты болған жағдайда ғана қабылдайтынын мәлімдейді.

12. Шекара әскерлерінің қолбасшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы Бас кеден басқармасымен және Денсаулық сақтау министрлігінің органдарымен бірлесе отырып эпидемиологиялық жағдайы ауыр шетелдік мемлекеттің азаматтарын мемлекеттік шекарадан өткізуде міндетті түрде медициналық сертификатын тексеріп өткізу тәртібін белгілейді.

13. Облыстар мен Алматы және Ленинск қаласының әкімдері аса қатерлі жұқпалы аурулардың алдын алуды және жоюды қамтамасыз етуге қажет арнаулы қор (Эпидқор) және басқа уақытта пайдалануға болмайтын диагностикалық құралдар мен дәрі-дәрмек материалдық резерв запасын құрайды.

14. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің органдары мен мекемелеріне қатерлі жұқпалы аурулардың халық арасына таралуына тоқтатудың алдын алу үшін санитарлық-түсіндіру жұмыстарын тегін жүргізу мүмкіндіктерін береді.

15. Лауазымды адамдар мен азаматтар санитарлық ережемен нормаларды бұзғаны үшін және карантиндік жұқпалы ауруларға қарсы шараларды орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.